

Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия

**2025-2026 оқу жылындағы
психологиялық қызметтің қыркүйек айында атқарылған жұмыс
есебі**

**Педагог-психологтар: Г.С. Қазкенова
Г.С. Байрбекова
М.Қ. Қайсарбек
А.Ж. Жақсылықова**

2025-2026 оқу жылы

2025-2026 оқу жылындағы психологиялық қызмет бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытынды сараптамасы

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушылар мен тәрбиеленушілерді (18 жасқа дейінгі кезеңде) балалардың оқу-дамыту процесінде де, педагогтердің кәсіби педагогикалық қызметінде де жүйелі ұйымдастырылған кешенді және келісілген іс-әрекетте табысты оқыту, дамыту, бейімдеу және әлеуметтендіру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;

2025-2026 оқу жылындағы педагог-психолог қызметінің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, психологиялық қызметтің құрамы бекітіліп бұйрық шығарылды. Мектеп мәселелері бойынша әкімшілікпен бірге жұмыс жасалды. Психологиялық көмек QR-кодты сканерлеңіз, психологиялық-консультациялық көмек көрсету кабинеті мен ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы кабинеті ұйымдастырылып, оқушылармен ата-аналарға сенім логотипі жазылған жаднамалар таратылып, бақылау жұмыстар жүргізілді.



Мектепке жаңадан келген оқушылар бақылауға алынып, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне кеңестер беріліп, жеке әңгімелесу жүргізілді. Мектеп психологтарының оқушылармен диагностикалық, түзету дамыту жұмыстарын жүргізу және алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін 1-11 сынып ата-аналармен психолог арасындағы келісім-шарт жасалды.

Мектеп психологының 2025-2026 оқу жылына жасалған жұмыс жоспарына сәйкес 1-ші сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында қыркүйек-қазан айларында төмендегідей әдістемелерді қолданып, зерттеу жүргізіледі:

- Психоәлеуметтік кемелділік дәрежесі (ой-өрісі) С.А.Банков ұсынған сұхбат;
- Мектептік кемелденудің Керн-Йирасиктың бағдарлы тестісі;
- Жазу әріптерден фразаларды көшіру;
- Нүктелерді көшіру

№	Сыныбы	Бала саны	Жалпы дайындық деңгейі		
			жоғары	орта	төмен
1	1а	25	-	-	-
2	1ә	24	66.7%	25%	8.3%
3	1б	24	68%	32%	-
4	1в	24	33%	57%	10%
5	1ғ	24	50%	41%	9%
6	1д	24	60%	35%	9%
Барлығы	6	145	55,5%,	38%,	7,3%

Нәтижелер бірінші сынып оқушыларының басым бөлігінің оқу әрекетіне психологиялық тұрғыда дайын екенін көрсетті. Көпшілік оқушылар нұсқауды дұрыс қабылдап, тапсырмаларды талапқа сай орындады. Сонымен қатар жекелеген оқушыларда зейіннің тұрақсыздығы, жұмыс қарқынының баяулығы және ерік күшінің жеткіліксіздігі байқалды. Бұл оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жоспарланып, сынып жетекшілері мен ата-аналарға ұсынымдар берілді.

Жалпы мектепке дайындық деңгейі жоғары- 55,5%, орташа-38%, төмен-7,3% деңгейді көрсеті.

Жалпы 1-ші сынып бойынша ерекше оқытуды қажет ететін 2 оқушы бар:

1 «Б» сынып оқушысы - Нарикбай Әділет,
1 «Д» сынып оқушысы - Асанбек Хакназар

1 сынып оқушыларын ортаға бейімдеу бойынша «Жаңа ортаға бейімделу – табысты оқудың бастауы» адаптация атты тренинг ойын жаттығулары жүргізілді.



Жалпы 1-ші сынып бойынша ерекше оқытуды қажет ететін 2 оқушы бар. 1 сынып оқушыларымен тренинг жүргізу барысында байқалғаны 80% сыныптағы психологиялық ахуалына қанағаттанады, ал 20% психологиялық климат балаларды қанағаттандырмайды.

1–4 сынып оқушыларының бейімделу деңгейін зерттеу

1–4 сынып оқушылары арасында Д. Лампеннің «Адамдар бейнеленген ағаш» проективтік әлеуметтік-психологиялық әдістемесі (Л.П. Пономаренко бейімдеуі) жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың сынып ұжымына, құрдастарымен қарым-қатынасына және мектеп ортасына бейімделу ерекшеліктерін анықтау.

1-сынып оқушыларының психологиялық категорияларға бөлінуі
(І жарты жылдық диагностика)

Психологиялық категория	Сипаттамасы	1А сынып (оқушы / %)	1Б сынып (оқушы / %)	1Д сынып (оқушы / %)	1Ә сынып (оқушы / %)
Ыңғайлы, толық бейімделген	Эмоциялық тұрақтылық, ортаға бейімделу	9 (50%)	7 (41%)	6 (40%)	2 (33%)
Сенімді, көшбасшылық позиция	Жоғары өзін-өзі бағалау, белсенділік	8 (44%)	7 (41%)	6 (40%)	–
Ақкөңіл, достыққа бағытталған	Басқаларға көмектесуге дайын, эмпатиялық қасиет	6 (33%)	6 (35%)	5 (33%)	1 (17%)
Мақсатқа ұмтылушы, табанды	Кедергіден қорықпай алға ұмтылу	4 (22%)	4 (23%)	4 (27%)	1 (17%)
Мазасыздық, тұйықтық / әлсіздік белгілері	Жабық мінез, қарым-қатынаста шектеу	1 (5%)	1 (6%)	1 (7%)	1 (17%)
Көмекке мұқтаж, қамқорлық іздейді	Эмоциялық қолдауға мұқтаж	1 (5%)	–	–	–
Ақпарат толық емес	Диагностика аяқталмаған	–	–	–	3 (50%)

Қорытынды

Жылдық жоспарға сәйкес жүргізілген диагностика нәтижесінде 1-сынып оқушыларының көпшілігі **мектеп ортасына бейімделген**, эмоционалдық тұрақтылықтары қалыпты деңгейде екені анықталды.

- **Көшбасшылық пен белсенділік** көрсететін оқушылар саны орташа деңгейде, олар оқу және әлеуметтік ортада өз орнын табуға қабілетті.
- **Ақкөңіл, достыққа бейім және мақсатқа ұмтылушы** оқушылар саны оқушылардың әлеуметтік қабілеттерінің дамуын көрсетеді.
- Бірқатар оқушыларда **мазасыздық, тұйықтық және эмоционалдық қолдауға мұқтаждық белгілері** анықталды. Бұл оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.
- 1Ә сыныбында кейбір оқушылар бойынша диагностика толық аяқталмаған, қосымша зерттеу ІІ жарты жылдықта жоспарланды.

Жалпы қорытынды: І жарты жылдықтағы психологиялық зерттеу нәтижесі оқушылардың мектепке бейімделу деңгейінің қанағаттанарлық екенін көрсетті. Алдағы кезеңде тәуекел тобындағы оқушыларға бағытталған түзету-дамыту және профилактикалық жұмыстар жалғасады.

4-сынып оқушыларының психологиялық категорияларға бөлінуі

Психологиялық категория	Сипаттамасы	4Ә сынып (оқушы / %)	4Б сынып (оқушы / %)	4В сынып (оқушы / %)	4Г сынып (оқушы / %)
Ыңғайлы, бейімделген	Эмоциялық тұрақтылық, ортаға бейім	9 (35%)	3 (19%)	7 (37%)	7 (39%)
Сенімді, көшбасшылық қасиет	Өз пікірін білдіру, белсенді, жауапкершілігі жоғары	8 (31%)	7 (44%)	2 (10%)	5 (28%)
Ақкөңіл, достыққа бейім	Эмпатиясы жоғары, көмектесуге дайын	6 (23%)	6 (38%)	9 (47%)	6 (33%)
Орнықты, мақсатқа ұмтылушы / батыл, тәуекелшіл	Ішкі тұрақтылық, табандылық, қиындыққа төтеп беру	4 (15%)	1 (6%)	3 (16%)	4 (22%)
Мазасыздық / уайымшыл / тұйық	Эмоциялық қобалжу, ішкі алаң	3 (12%)	1 (6%)	4 (21%)	1 (6%)
Шаршаңқылық / ұялшақтық / эмоционалды әлсіздік	Сенімсіздік, энергия төмендігі, күйзеліс	3 (12%)	1 (6%)	1 (5%)	1 (6%)
Кризистік / эмоционалды күйзеліс	Төмен көңіл күй, психологиялық жүктеме	3 (12%)	—	—	1 (6%)
Диагностикадан бас тартқан / ақпарат толық емес	—	—	—	4 (17%)	—

Қорытынды

Жылдық жоспарға сәйкес жүргізілген психологиялық диагностика нәтижесі 4-сынып оқушыларының **көпшілігі мектеп ортасына бейімделген**, эмоционалды тұрғыда тұрақты екенін көрсетті.

- **Ыңғайлы, бейімделген және достыққа бейім оқушылар** – оқушылардың көпшілігін құрайды, бұл олардың сынып ұжымына тез бейімделіп, достық қарым-қатынасты қалыптастыруға қабілетті екенін көрсетеді.
- **Сенімді, көшбасшылық қасиеті бар оқушылар** – өз пікірін білдіруге, жауапкершілікті қабылдауға, белсенділік көрсетуге бейім.
- **Орнықты, мақсатқа ұмтылушы және батыл/тәуекелшіл оқушылар** – қиындыққа төтеп беруге және оқу әрекетінде табандылық көрсетуге дайын.

5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңіндегі мазасыздығын анықтау

5-сынып оқушыларына О.Н. Хмельницкаяның «Бейімделу кезеңінде мазасыздықты анықтау» экспресс-әдістемесі жүргізілді. Диагностиканың мақсаты – бастауыштан орта буынға өткен оқушылардың психологиялық бейімделу ерекшеліктерін анықтау.

Сынып	Төмен деңгей (0–4)	Орташа деңгей (5–7)	Көтеріңкі деңгей (8–10)	Жоғары деңгей (11–15)	Тесті аяқтамаған / бас тартқан
5А	7 (35%)	3 (15%)	3 (15%)	6 (30%)	1 (5%)
5Ә	7 (37%)	6 (32%)	2 (11%)	2 (11%)	2 (9%)
5Б	8 (62%)	1 (8%)	2 (15%)	0 (0%)	1 (8%)
5В	10 (59%)	2 (12%)	5 (29%)	0 (0%)	2 (12%)
5Г	6 (30%)	11 (55%)	2 (10%)	0 (0%)	1 (5%)
5Ғ	8 (36%)	10 (45%)	2 (9%)	1 (5%)	2 (9%)
5Д	8 (36%)	10 (45%)	2 (9%)	1 (5%)	2 (9%)

Қорытынды:

1. **Төмен деңгейдегі мазасыздық** – бейімделу процесінде салыстырмалы түрде аз алаңдаушылық сезінетін оқушылар саны ең көп 5Б (62%) және 5В (59%) сыныптарында байқалады.
2. **Орташа деңгейдегі мазасыздық** – қалыпты стресс деңгейін көрсетеді, 5Г, 5Ғ және 5Д сыныптарында басым (45–55%).
3. **Көтеріңкі және жоғары деңгейдегі мазасыздық** сирек кездеседі, бірақ 5А сыныбында жоғары деңгей (30%) байқалған.
4. **Тесті толық аяқтамаған немесе диагностикадан бас тартқан оқушылар** барлық сыныптарда 5–12% аралығында.
5. Жалпы, зерттеу нәтижесі оқушылардың көпшілігі бейімделу кезеңін қалыпты немесе төмен стресс деңгейімен өткеріп жатқанын көрсетеді, бірақ кейбір сыныптарда психологиялық қолдау қажет болуы мүмкін.

5-11 сынып оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Егер де сен қандай да бір қиын жағдайға душар болсаң» атты жас жеткіншекке слайд презентация арқылы таныстырылып, жадынама таратылды. Әрқашанда шешілетін жолдар бар екендігі жайлы

айтылып, тек қана соны таба білу керектігі жайлы ұсыныстар берілді, ұсынып отырған кеңестерімізді пайдаланылса, қиын жағдайдан, өздеріңе үлкен шығын келтірмей, шыға алуы жайлы ескертілді.



Түзету-дамыту жұмысы аясында 1-10 сынып оқушылары арасында бірнеше іс-шаралар өткізілді. Осы шаралардың барлығы оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық дамуына, сыныптағы достық қарым-қатынасты қалыптастыруға және қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге бағытталған.

1. Коммуникативтік тренингтер өткізілді. 1 сынып оқушылары қатысқан бұл тренингтердің мақсаты – оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамыту болды. Тренинг барысында оқушылар өз сезімдерін сөзбен жеткізуге, бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеуге және қарапайым конфликт жағдайларын бейбіт жолмен шешуге үйренді.



2. «Кірпі» мультфильмін көру және талқылау іс-шарасы 1-2 сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды. Бұл шараның негізгі мақсаты – қақтығыс жағдайларында конструктивті мінез-құлық дағдыларын дамыту болды. Мультфильм көрген соң оқушылар қиын жағдайларда бір-біріне қалай қолдау көрсету керектігін, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу жолдарын талқылады. Мультфильмге сілтеме:

<https://youtu.be/CRJJY6sX4Sk?si=mPx8LH8Y48bOM5Z3>



3. «Достар не үшін керек?» мультфильмін көру және талқылау 3-4 сынып оқушылары арасында өткізілді. Шараның мақсаты – сыныптағы достық қарым-қатынасты нығайту, оқушылар арасында өзара сенім мен сыйластықты қалыптастыру. Мультфильмді талқылау барысында оқушылар достықтың маңызы мен бір-біріне көмектесудің жолдарын түсінді. Мультфильмге сілтеме:

https://youtu.be/TRy8Jq5Q1YU?si=q4qGyAmWzLj_0lOo

4. «Қай кезде әзіл, әзіл болудан шығады» тақырыбында пікірлесу сағаты 8-10 сынып оқушылары арасында өткізілді. Бұл шараның мақсаты – жанжалды жағдайлардан өркениетті жолмен шығу қабілетін дамыту және эмоцияны басқаруға үйрету болды. Пікірлесу барысында оқушылар әзіл мен қалжың арасындағы шекараны анықтап, сыныптағы қарым-қатынастарда әдептілік пен құрметті сақтау жолдарын талқылады.



5. «Бірге дәліздер арқылы көңілді жүрейік...» ойын-байқауы 5 сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – мектепке деген қызығушылық пен оң көзқарасты қалыптастыру, стрессті жеңілдету және топтық ынтымақтастықты арттыру. Ойын-байқау барысында оқушылар көңіл көтеріп, ынтымақтастық дағдыларын көрсетті, мектепке деген қызығушылығы артты.

6. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізілді. Бұл іс-шараның мақсаты – әр оқушының жеке картасын толтыру және олардың оқу процесіндегі ерекшеліктерін ескеру болды. Педагог-психологтар әр оқушы үшін жеке жоспар жасап, оқыту стратегиялары мен түзету шараларын белгіледі.

Жалпы алғанда, аталған іс-шаралар оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық дамуына, сыныптағы достық пен өзара сыйластыққа, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге оң әсерін тигізді. Барлық шаралар жоспарға сәйкес өткізілді және педагог-психологтар мен сынып жетекшілерінің қатысуымен толық бақылауда болды.



III. Профилактикалық-ағартушылық жұмыс бойынша ақпараттық есеп

Мектебімізде 2025–2026 оқу жылының I тоқсанында профилактикалық-ағартушылық жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылды. Жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылар мен жас мамандардың жаңа ортаға бейімделуін қолдау, ата-аналарды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ағарту, сондай-ақ балалар арасында ойынға тәуелділік, булинг және кибербулинг сияқты проблемалардың алдын алу.

1. Оқушылардың бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету

«Жаңа ортаға бейімделу – табысты оқудың бастауы» адаптациялық іс-шарасы аясында 1, 5 және 10 сынып оқушыларына психологиялық қолдау көрсетілді. Іс-шараның негізгі міндеті – оқушылардың өзін еркін сезінуіне, сынып және мектеп ортасына бейімделуіне, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас орнатуына және табысты оқуына жағдай жасау болды.



2. Ойынға тәуелділіктің алдын алу

3 сынып оқушылары үшін өткізілген «Ойынға тәуелділік деген не?» тақырыбындағы іс-шарада ойынға тәуелділік ұғымы қарапайым тілмен түсіндірілді, артық ойынның денсаулыққа, оқуға және қарым-қатынасқа тигізетін зияны көрсетілді. Сонымен қатар, оқушыларға уақытты дұрыс жоспарлау және пайдалы іспен айналысу дағдылары үйретілді.

3. Бақылау және сабаққа қатысу

1, 5 және 10 сыныптарда оқушылардың бейімделу ортасы зерттелді. Бұл жұмыс оқушылардың психологиялық жағдайын бақылауға және жеке қолдауды ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

4. Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту


Ата-аналармен жұмыстың бірнеше бағыттары жүзеге асырылды:

- «Ата-аналар клубы» шеңберінде бірінші сынып оқушыларының бейімделуіне арналған тренингтер өткізілді. Іс-шараға директордың ТІ жөніндегі орынбасары, педагог-психологтар және сынып жетекшілері қатысты.
- 7–8 сынып ата-аналары үшін «Бала тәрбиесі және буллингтің алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
- 1–4 сынып ата-аналарына «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу жолдары» тақырыбында кездесу өткізілді. Барлық кездесулерде ата-аналар психологиялық-педагогикалық тұрғыда ағартылды.



5. Жас мамандарды ұжымға бейімдеу

«Жас маман алға бес қадам» іс-шарасы барысында жас мамандардың ұжымға бейімделуіне, кәсіби жауапкершілікке шақыруға және жұмыс процесіне толық кірігуіне психологиялық қолдау көрсетілді.



Қорытынды

Жоғарыда аталған іс-шаралар жоспарына сәйкес уақытында және толық көлемде жүзеге асырылды. Психологиялық-педагогикалық қолдау мен ағартушылық жұмыстың нәтижесінде оқушылар мен жас мамандардың жаңа ортаға бейімделуі оң нәтижелер көрсетті, ата-аналар арасында ақпараттандыру деңгейі артты. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.